

**«Қазақстан Республикасында ғарыш саласының құрылу  
барысы туралы» тақырыбында 2014 жылғы 23 маусымда өткен  
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша  
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
ҰСЫНЫСТАРЫ**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Т.А. Мұсабаевтың «Қазақстан Республикасында ғарыш саласының құрылу барысы туралы» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, мынаны **ҰСЫНАДЫ:**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

1. Тасымалдағыш зымырандарды дайындау және «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшыру жөніндегі технологиялық операцияларға тікелей қатысу, Қазақстанның «Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметіне қатысуын ұлғайту, сондай-ақ коммерциялық ұшырудың әлемдік нарығына ену, экологиялық проблемаларды шешу және «Байқоңыр» ғарыш айлағы жұмыс істеуінің одан әрі перспективасын қамтамасыз ету мақсатында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құрудың бірлескен Қазақстан-Ресей жобасын іске асыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын.

2. Ұлттық мүддені қорғау, тіркелген спутниктік байланыс арқылы телекоммуникациялық қызметтер көрсету кезінде қазақстандық қамтуды ұлғайту мақсатында «KazSat» сериялы байланыс және хабар тарату ұлттық спутниктерінің орбиталдық тобын толыққанды пайдалану жұмысын жандандырсын және операторлардың шетелдік байланыс спутниктерінде ресурстарды жалға алғаны үшін қаржы қаражатының шетелге кетуін тоқтату үшін қазақстандық байланыс операторларын «KazSat-2» және «KazSat-3» ұлттық спутниктеріне кезең-кезеңімен көшіруді қамтамасыз етсін.

3. Шығындарды азайту және жедел мониторингтік ақпарат алу үшін экономика салаларының (ауыл шаруашылығы, жер пайдалану және су пайдалану, экология, қауіпті табиғи процестердің мониторингі

және төтенше жағдайлардың алдын алу, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік, көлік, жер қойнауын пайдалану, геологиялық барлау, геодезия және картография) міндеттерін шешу мақсатында Жерді қашықтықтан зондтау және дәлдігі жоғары спутниктік навигация ғарыштық жүйелерінің деректерін тиімді пайдалану шараларын күшейтсін.

4. «KazSat» байланыс және хабар тарату, Жерді қашықтықтан зондтау және дәлдігі жоғары спутниктік навигация ғарыштық жүйелері ұлттық операторларының мемлекеттік органдарға қызметтер көрсету функциясын заңнамалық бекіту мақсатында 2015 жылға дейін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізсін.

5. Ұлттық ғарыш орталығы объектілерін, атап айтқанда, ғарыштық аппараттарды құрастыру-сынау кешенін және ғарыш техникасының арнайы конструкциялық-технологиялық бюросын өндіріс тәжірибесімен салуды және пайдалануға беруді уақтылы аяқтауды, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындардың ғарыштық өнімдері мен қызметтерінің жетекші әлемдік нарығына қатысушылардың қатарына кіруін қамтамасыз етсін.

6. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ-ның «Космотранс» БК («Днепр» тасымалдағыш зымырандарды коммерциялық пайдалану операторы) акцияларының 23,3 %-ын сатып алуы және «Днепр» тасымалдағыш зымыранын коммерциялық пайдалану бағдарламасындағы қазақстандық тараптың қатысу үлесін Ресеймен және Украинамен тепе-теңге (33,3 %-ға дейін) жеткізу мәселесін қарасын.

7. Қазақстан Республикасының отандық ғарыш техникасын, технологияларын және аппараттық-бағдарламалық құралдарды жасау және оларды кейіннен пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық серпілісін қамтамасыз ету мақсатында қолданбалы ғарыштық зерттеулердің ғылыми зертханалық және тәжірибелік-эксперименттік базасын жаңғырту мен дамытуды қаржыландыру мәселесін қарасын.

8. Білім, денсаулық сақтау, ғылым және өндіріс саласындағы инновациялық әзірлемелерді ынталандыру және отандық ғарыш техникасы мен технологияларының жетістіктерін қолданбалы пайдалану жұмысын жандандырсын.

9. Ғарыштық өнімдер мен қызметтердің ішкі нарығын дамыту үшін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ғарыш қызметінің нәтижелерін пайдалану саласына белсенді түрде тарту жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

10. Ғарыш техникасын әлемдік жетекші өндірушілермен ғылыми байланыстарды кеңейту мен тереңдету және ғарыш қызметі саласындағы халықаралық кооперацияны дамыту мақсатында шетелдік ғарыш агенттіктерімен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы жоғары технологиялар трансферті саласындағы жұмысты жалғастырсын.

11. Қазақстанның халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту үшін 2016 жылға дейін астрофизикалық зерттеулер обсерваторияларының, «Орбита» радиополигонының және «Космостанция» ғарыштық экспедициялық базасының әлеуетін пайдалану арқылы жақын және алыс ғарышты зерттеу жөніндегі ғылыми-эксперименттік базаны дамыту жоспарын қабылдасын.

12. Экологиялық қауіпсіздіктің, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықтың, сондай-ақ халықтың денсаулығына келтірілген зиянды, тасымалдағыш зымырандарды ұшыру және ғарыш қызметін жүзеге асыру салдарынан қоршаған ортаға және мүлікке келтірілген залалды өтеу жөніндегі талаптардың сақталуын бақылауды күшейтсін.

13. Ұлттық ғарыш саласын құруға және дамытуға бөлінген бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды қатаңдатсын.

14. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ведомствоаралық іс-қимылын арттырсын және ғарыш саласын дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік сатып алу, салық салу, кедендік ресімдеу жөніндегі әкімшілік рәсімдерді оңайлатсын.

15. Дарынды, талантты балалар мен жастарды табу және ынталандыру мәселесін пысықтасын және қазақстандық жоғары оқу орындарында ғарыш қызметі саласындағы мамандарды оқытуға гранттарды ұлғайтуды көздесін, сондай-ақ ғарыш саласының кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында «Болашақ» бағдарламасы бойынша халықаралық жетекші жоғары оқу орындарында және ғылыми орталықтарда ғылыми-академиялық кадрларды оқыту және тағылымдамадан өткізу квоталарын ұлғайтсын.

16. Экскурсиялық-танымдық мақсатта бару үшін жерүсті ғарыштық инфрақұрылымның туристік объектілерінің (Ұлттық ғарыш орталығы, ғарыш объектілерін басқару және ақпарат қабылдау кешендері, астрофизикалық зерттеулер обсерваториясы және басқалар) визит картасын әзірлесін.

17. Ақпараттық мемлекеттік саясатты аудио және бейнероликтерді, интернет ресурстарды және баспасөз басылымдары мен ұлттық радио және «Білім және Мәдениет», «Хабар», «24 KZ» телеарналарында және басқаларда жария етуді қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы іске асыру шеңберінде Қазақстанның ғарыш саласының имиджін насихаттау мен танымал ету жұмысын күшейтсін.